	Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» республикалық мемлекеттік мекемесі	
	«ЖАС ЕКПІН» жас өнерпаздар республикалық конкурсының ЕРЕЖЕСІ	1-тен 5 ке дейін

**Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің**  
**«Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы»**  
**республикалық мемлекеттік мекемесі**  
**«ЖАС ЕКПІН»**  
**жас өнерпаздар республикалық конкурсының**  
**ЕРЕЖЕСІ**

Алматы қаласы, 2022ж.

**БЕКІТЕМІН**  
**ҚР Мәдениет және спорт министрлігі**  
**«Т.Қ. Жүргенов атындағы**  
**Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ**  
**ректорының м.у.а Ш.А.Амирбеков**



М.О.

«        » ақпан 2022ж

**Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің**  
**«Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы»**  
**Республикалық мемлекеттік мекемесі**  
**«ЖАС ЕКПІН»**  
**жас өнерпаздар республикалық конкурсының**  
**ЕРЕЖЕСІ**

**1. Жалпы ержесі**

1. Осы «Жас екпін» жас өнерпаздар республикалық конкурсының Ережесі конкурс өткізу тәртібін реттейді.
2. Өтетін уақыты: 1-ші кезең 1-20 наурыз аралығы (онлайн форматта), 2-ші кезең 6-сәуір (офлайн форматта).
3. Ұйымдастырушы: «Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы», «Дәстүрлі музыкалық өнер» кафедрасы

**2.БАЙҚАУ МАҚСАТЫ**

4. Ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа аманат мұра болып жеткен халқымыздың дәстүрлі ән-күй саласындағы асыл қазынасын жан-жақты насихаттау, халық композиторларының ән-күйлерін жас ұрпақтың санасына сіңіріп, бүгінгі күннің талабына сай тәрбиелеу. Әсіресе, қазақ халқының әншілік-күйшілік дәстүрін (мектебін), орындаушылық ерекшіліктерін дәріптеп отырып, жас таланттарды іздеп табу, болашақ ұрпақтың бойында туған елдің өнеріне, өткеніне деген құрмет, сезімін қалыптастыру болмақ. Дәстүрлі өнер саласында жүрген жас дарынды анықтап бағыт-бағдар көрсету, шығармашылығына жол ашу осы конкурстың басты мақсаты.

**3.БАЙҚАУ ТАЛАПТАРЫ МЕН ШАРТТАРЫ**

5. Байқауға музыкалық орта оқу орындарының **3-4 курс** студенттері мен арнайы мамандандырылған музыка мектептерінің **11-12 сынып** оқушылары қатыса алады. Байқау «Дәстүрлі ән», «Дәстүрлі күй» және «Көне аспаптар» (қобыз, сыбызғы, жетіген, шертер,) номинациялары бойынша өтеді.
6. Республикалық музыкалық орта оқу орындарының студенттері мен арнайы мамандандырылған дарынды балаларға арналған музыка

мектептерінің конкурсқа қатысушы оқушыларының санына шектеу қойылмайды.

7. Екінші кезеңге өткен қатысушылардың жол ақысы, жататын орны, тамақтану шығыны жіберуші жақтан ұйымдастырылады.

8. Қазылар алқасының құрамы Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясының білікті ұстаздарынан құралады.

9. Байқаудың жеңімпаздарын Қазылар алқасының құрамы анықтайды. Қазылар алқасының құрамын 7 алқа мүшесі және Төраға құрайды. Қазыларға Төраға жетекшілік етеді. Егер дауыс беру нәтижесі тең болған жағдайда Төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Қазылар алқасының шешімі нақты және қайта қарауға жатпайды. Қазылар әр номинация бойынша лауреаттарды анықтайды. Алқа құрамы барлық жүлде орындарын тағайындамауы мүмкін және оған құқылы.

10. Байқау жеңімпаздары Гран при және жүлделі 1,2,3 орындарды иеленеді. Әр номинация бойынша арнайы дипломдармен, алғыс хаттармен марапатталады. Байқаудың бас жүлде және бірінші орын иегерлері Академияның «Дәстүрлі музыкалық өнер» мамандығы бойынша 2022-2023 оқу жылына талапкерлерді қабылдау кезеңінде шығармашылық емтихандарынан босатылады.

11. Ұйымдастыру алқасы аудио және бейне жазба жасауға, оны коммерциялық мақсатта қосымша төлемсіз пайдалануға құқылы.

12. Байқаудың 1-ші кезеңі онлайн форматында өтеді.

13. Байқауға қатысушы әрбір үміткер талапта көрсетілген бағдарламаға сәйкес әндерін немесе күйлерін сапалы видеоға алдын ала жазып, **наурыз айының 20-сына** дейін **Telegram желісіне (+7 777 392 31 31 Алуа)** жіберілуі керек.

**ЕСКЕРТУ:** Қатысушы видеожазба мен бірге аты-жөнін толық көрсетуі қажет.

14. Өтінім парағында көрсетілген бағдарлама өзгертуге жатпайды.

15. Видеожазбалар Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясы, «Дәстүрлі музыкалық өнер» кафедрасының Facebook, Instagram, YouTube парақшаларында жарияланады.

### **1. «Дәстүрлі ән» номинациясы**

1) Халық әні (өз таңдауы бойынша)

2) Халық композиторларының бір әні (Жетісу, Арқа, Батыс, Алтай-Тарбағатай, Сыр бойы әншілік дәстүрлері бойынша)

(Байқауға қатысушы әндерді жанды дауыста, домбыра, қобыз, жетіген, сырнай аспаптарының сүйемелдеуімен орындайды.)

### **2. «Дәстүрлі күй» номинациясы**

1) Төкпе дәстүрінен 1-күй (Батыс, Маңғыстау, Сыр өңірлерінің күйшілік дәстүрлері бойынша.

2) Шертпе дәстүрінен 1-күй (Жетісу, Арқа, Қаратау, Алтай-Тарбағатай күйшілік дәстүрлері бойынша)

### **3. «Көне аспаптар» номинациясы**

### **1. Қобыз**

- 1) Халық композиторларынан бір күй
- 2) Қалауы бойынша бір күй

### **2. Сыбызғы**

- 1) Халық күйлерінен бір күй
- 2) Халық композиторларынан бір күй

### **3. Жетіген**

- 1) Халық күйлерінен бір күй
- 2) Халық композиторларынан бір күй

### **4. Шертер**

- 1) Халық күйлерінен бір күй
- 2) Халық композиторларынан бір күй

- **Байқаудың 2-ші кезеңі офлайн форматта өтеді.**

Байқаудың екінші кезеңі Алматы қаласы Т.Қ.Жүргенов атындағы ҚҰӨА оқу театр залында өтеді.

Екінші кезең талаптары:

«Дәстүрлі ән» номинациясы бойынша бірінші кезеңнен өткен үміткер асқан шеберлікті, дауыс мүмкіндіктерін көрсететін халық әні немесе халық композиторларының әндерінен бір ән орындау қажет.

«Дәстүрлі күй» номинациясы бойынша бірінші кезеңнен өткен үміткер асқан шеберлік пен техникалық мүмкіндіктерді көрсететін шертпе немесе төкпе дәстүрінде бір күй орындауы қажет.

«Көне аспаптар» номинациясы бойынша бірінші кезеңнен өткен үміткер асқан шеберлік пен техникалық мүмкіндіктерді көрсететін халық күйі немесе халық композиторларынан бір күй орындауы қажет.

**ЕСКЕРТУ:** Бірінші кезеңде орындалған байқау бағдарламасы екінші кезеңде қайталанбауы керек. Өтінім парағында көрсетілген бағдарлама өзгертуге жатпайды.

### **Қатысу шарттары:**

**Байқауға қатысушы үміткердің жеке куәлігінің көшірмесі мен толтырылған өтінім парағын, [dmo\\_2008@mail.ru](mailto:dmo_2008@mail.ru) почтасына, ал видеожазбаларды Telegram желісіне (+7 777 392 31 31 Алуа) 2022 жылдың 20 наурызға дейін қабылданады:**

Кез келген сұрақтар бойынша:

+7 777 392 31 31 Қосанова Алуа

Инстаграм парақшасы; [@traditional\\_musical\\_art](https://www.instagram.com/traditional_musical_art)

электронды почта: [dmo\\_2008@mail.ru](mailto:dmo_2008@mail.ru)

«ЖАС ЕКПІН»  
жас өнерпаздар  
республикалық конкурсының  
ережесіне

1-Қосымша

**«ЖАС ЕКПІН»**

**Республикалық байқауына қатысушының  
өтінім парағы**

1. Аты - жөні (толық) \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

2. Оқу орынның толық атауы және ұстазының толық аты-жөні  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

3. Байланыс телефоны \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

4. Орындалатын шығармалардың аты және авторы

I – кезең

1) \_\_\_\_\_

2) \_\_\_\_\_

II – кезең

1) \_\_\_\_\_

2) \_\_\_\_\_

Әзірлеген:


Дәстүрлі музыкалық кафедра меңгерушісі



Н. Джампеисов

Келісілді:

Музыкалық өнер факультетінің деканы



З. Касымова

Көркемдік жетекші



Б. Мухитденова

Кәсіби бағдарлау жұмысы,

Оқу-өндірістік практикасы және

жас мамандарды орналастыру бөлімінің басшысы



В. Алпысбаева

Заң бөлімінің басшысы



Г. Сеитбекова